

Түркістан облысы
Шардара қаласы
Аудандық білім бөліміне қарасты
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

Сынып сағат

«Көрісу күні- амалдар мерекесі»

Дайындаған: Исаева.Г

2023-2024ж



Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп

Көрісу күні-амал мерекесі



Дайындаған: Бохаева Г

2023-2024 оқу жылы

Көрісу күні – амал мерекесі

14 наурыз көрісу күні
Құт пен Береке,
Шаттық пен Бақыт
Әкелсін !!!



Наурыз мейрамы
Құтты болсын!



№2 Ж. Жабает атындағы
бастауыш мектебінде
«Ұлыстың Ұлы күні-Наурыз»
тақырыбында суретшілер мен
қолөнер шеберлерінің көрмелерін
ұйымдастыру

М Ә Л І М Е Т І

Мектебімізде 17.03.2024 оқу жылында «Ұлыстың Ұлы күні-Наурыз» тақырыбында суретшілер мен қолөнер шеберлерінің көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге оқушылардың Наурыз мерекесіне арнап жасаған бұйымдары қойылды. Көрмені ұйымдастырудағы мақсатымыз, оқушыларға қазақтың салт-дәстүрлерін бойларына сіңіру. Жыл басы-Әз Наурыз жайында мағлұматтар беру. Балаларды мәдениеттілікке, адамгершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.

Дайындаған: Үйірме жетешілері

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектепте
«Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» тақырып аясында өткен көрмеден көрініс



Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

Қош келдің, Әз – Наурыз!

(мерекелік бағдарлама)

Дайындаған: А.Усенбаева

2023 – 2024 оқу жылы

1-жүргізуші:

Арма, ағайын! Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар! Жер жүзіндегі халықтардың бәрінің де түрлі мейрамдары бар. Шығыс халықтарының сондай ерекше мейрамдарының бірі – Наурыз.

2- жүргізуші:

Дәстүрімізге айналған Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз құтты болсын! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып Жаңа Жыл келеді. Ендеше, той құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Ұлы мереке сіздерге тек жақсылық әкелсін!

Наурыз келді, жайраң қақты таң күліп,
Жап-жасыл болып кетті дүние жаңғырып.
Жақсылыққа жаршы болған Наурызым!
Сен өмірдің көктемісің мәңгілік!

1-жүргізуші:

Уа, халайық, халайық!
Ақ сандықты ашайық,
Бұл мереке, бұл тойдың
Шашуларын шашайық! (Шашу шашылады).
(«Наурыз – көктем» әні орындалады)

Орындайтын: 2 – сынып оқушысы Жаппархан Алина.

2-жүргізуші: Мереке қарсаңында бәріміз бірге «Қаражорға» биін билейік!
Орындайтындар 4 – сынып қыздары, «Шұғыла» би ұжымы.

1-жүргізуші:

Ерітіп қарын даланың,
Жинатып гүлін саланың.
Жетелеп жұмсақ самалын,
Келді Наурыз – жыл басы.
Күлімдеп қарап күміс күн,
Аспаның бүркіп пүліш түн.
Ұлы күні Ұлыстың,
Келді Наурыз – жыл басы!

Келесі кезекті оқушылардың Наурыз туралы жыр шумақтарына береміз.

2-жүргізуші:

Құтты болсын әр күнің,
Сыйла, бақыт баршаға.
Сәбидің әсем шат үнін
Тыңдат абзал анаға.
Наурыз – достық,
Наурыз – күн.
Барша халық бірлігі.
Тағы келді ұлыс күн.
Жалғасып ғалам тірлігі.

(Осы жерде «Көрісу» дәстүрі сахналанады). Артынан күй тартылады.

1-жүргізуші:

Құрметті, оқушылар енді сіздерді қазақтың ұлттық ойындарын ойнауға шақырамыз. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтарымыз бар. Ойын бастамас бұрын әділ-қазылармен таныстыра кетейік.

1.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Есімхан Нұрсұлу Пердеханқызы.

2.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Нұрманова Меруерт Шаймарденқызы.

3.Педагог – психолог: Залова Оразкүл Мажітқызы.

1. Асық ойынынан жарыс

2. Арқан тартыстан жарыс

3. Қол күрестен жарыс

4. Наурыз көже ішуден жарыс.

Білесіндер ме? Наурыз тойының өзіне тән үлкен ырым асы – Наурыз көже. Наурыз көже жеті түрлі дәмді астың құрамынан жасалады. Оның мәні жаңа жылда тойымшылық, молшылық, татымды өмір болсын деген ырымды, тілекті паш етеді. Наурыз тойындағы тағамдарда көбінесе ақ тамақ басым болады. Өйткені бұл кезде төрт түлік төлдеп, ақ молайған кез.

Қазылар жеңімпаздарды анықтап, сыйлықтар табыс етіледі. "Алға, қазақ жігіттері" әні орындалады.

2-жүргізуші:

Наурыз мейрам жүректерге нұр сепкен,

Мандайымнан сүйіп жатыр күн көктем.

Жарығыңмен, шуағыңмен Күн - Ана,

Алып келдің жер бетіне гүл көктем.

Ән-шашу. «Көктем» әні, орындайтын 3 – сынып оқушысы Үсен Сабина.

1-жүргізуші:

Осымен бүгінгі «Қош келдің, Әз – наурыз!» тақырып аясында өткен мерекелік бағдарламамыз аяқталды. Келесі кездескенше сау – саламатта болыңыздар!

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде «Қош келдің, Әз – наурыз!
тақырып аясында өткен іс-шараны қорытындылау

А Н Ы Қ Т А М А С Ы

2024 жылдың 19 – наурыз күні 22 наурыз – Ұлыстың ұлы наурыз мерекесіне орай «Қош келдің, Әз – наурыз!» тақырып аясында мерекелік бағдарлама өтілді. Мерекелік бағдарлама барысында қазақтың ұлттық ойындары мен ұлттық тағамы насихатталып, «Көрісу» дәстүрі сахналанды. Мереке аясында 4 – сыныптан құралған қыздар «Қара жорға» биіне билесе, ұлдар қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Қол күрес», «Асық ойыны», «Арқан тартыс» ойындарынан жарысқа түсіп, ұлттық тағамымыз наурыз көже ішуден де қалыс қалмады. Оқушылар наурыз тақырыбында өлеңдер оқып, әндер орындалды.

Дайындаған: А.Усенбаева

№2 Ж.Жабаев атындагы бастауыш мектебінде 22 – наурыз мерекесіне орай
«Қош келдің, Әз – Наурыз!» тақырып аясында өткен іс – шарадан көріністер




*Түркістан облысы Шардара қаласы
№2 Ж. Жабиев атындағы бастауыш мектебі*

Сынып сағат:

«Ұлыстың ұлы күні- Наурыз»

1 «Ә» сыныбы



Дайындаған сынып жетекші: Рүстембек Г.

2014 жыл

қсаты: Наурыз мейрамы туралы түсінік беру. Балалардың
лау, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Грамматикалық
дұрыста жүйелі сөйлеуге, мерекелік көңілін көтеру, елге деген
сүйіспеншілікпен бірге, салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.
Көрнекіліктер: Наурыз мерекесіне арналған суреттер, шарлар.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

— Сәлеметсізбе, құрметті ата-аналар, балалар, қонақтар! Бүгінгі Наурыз мейрамына арналған «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» атты тәрбие сабағымызды бастауға рұқсат етіңіздер!

— Балалар, міне Наурыз да келді. 22 наурыз жыл басы. Наурыз үлкен мейрам.

Көптен күткен Наурыз тойы арайлы,

Нұрға бөлеп міне жатыр маңайды !

Мал біткеннің бал татыған уызды,

Қуат болып қанымызға тарайды.

Төрт түлік мал халқымыздың сүйері,

Көңілімнің күмбірлеген күйі еді.

«Аман ба» деп мал жаның?

Бірін-бірі құшақтасып сүйеді.

— Ал, балалар! Құрметті ата-аналар, ұстаздар! Бәріміз тұрып бір-бірімізді құшақтап, бір-бірімізге жақсы тілектер айтып, Наурыз мейрамымен құттықтайық!

Наурыз – Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Ақ мол болсын!

Жаңа жыл бақ, береке, молшылық әкелсін!

II. Әңгімелесу

Наурыз шығыс күнтізбесінде жаңа жыл басы деп саналады. 21-22 наурызда күн мен түн теңеледі. Наурыз деген сөздің өзі «нау» — жаңа, «руз» — кун деген сөздерден алынып, жаңа жыл деген

ұғымды білдіреді. Адамдар Наурызға дайындалады. Олар үй, арық, аула, көшені тазалайды. Ағаш, гүл егеді. Адамдар үйлерінде дастархан жайады. Ән шырқап, би билеп, ойын ұйымдастырады.

— Наурыз — бақыттың бастамасы, ұлылықтың ұйытқысы, жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, өмірге нұр сыйлаған, сезімге гүл сыйлаған халық қастерлейтін күн.

— Ал, енді біздің кішкентай бүлдіршіндеріміз наурыз мейрамға дайындаған тақпақтарын ұсынады.

III. Тақпақтар

1-ші бала:

Науан Наурыз армысың!

Наурыз келді, көктем келді ағайын,

ы бала

Наурыз келген болсаң төкші нұрды,

Ескертпе сен әзірше әнді мұнды.

Бағзыдан әдетіміз бойға сіңген,

Күтетін зор үміттен жаңа жылды.

7-ші бала

Тәуелсіз елдің қадамы,

Бейбіт күн берік қамалы.

Жұрт болсын дейік ағайын, Жаңа күн наурыз қадамы.

Көрініс: Күн мен түн.

Күн: Сәулесі мол күнмін.

Түн: Жұлдызы көп түнмін.

Екеуі: Бірдей болып біздер Теңелеміз бүгін.

Түн: Ал ертең күн ұзақ,

Күн: Түн қысқарар бірақ.

Екеуі: Ұйқы қанбай қалып Жүрмендер тек жылап

Мұғалім : Көктемнің алғашқы күндерінен бастап жер бетіне қылтиып, бой көтеріп гүлдер өседі. Бұлар көктемнің алғашқы гүлдері деп аталады.

Бұл бәйшешек, жауқазын, қызғалдақ.

8-ші бала:

Кіргізіп көркін даланың,
Бәйшешек қырда қаптады.

Қызығып ылғи барамын,
Үзуге бірақ батпадым.

9-шы бала

Келіп көктем құстары,
Бау-бақшада ән салды.

салт-дәстүрлерімен таныстыру
халқы қонақ күтуді де, қонақ болып қыдыруды да қызық көрген.
тан қазақ халқының тойлары да көп болған. Соның біреуі бесікке салу.
салы тойына жиналғандар өлең айтып, әзіл –қалжын, ұлттық
дарын ойнап көңіл көтерген.
балалар тағы қандай салт-дәстүрді білеміз.
дусау кесу», «Қыз ұзату», «Келін түсіру», «Сүндет той», «Бата беру»
кел, Наурыз келген болсаң төкші нұрды,

Естіртпе сен әзірше әнді мұнды.

Бағзыдан әдетіміз б ойға сіңген,

Күтетін зор үміттен Жаңа жылды

VI. Ұлттық ойын «Арқан тартыс»

Наурыз мейрамында халық қуанып ұлттық ойын түрлерін ойнап көңіл көтерген.

Сонын ішінде «Көкпар», «Қыз қуу», арқан тарту т.б ойындар.

— Ал, балалар, ендеше «арқан тартыс» ойынын ойнап, күшімізді сынап көрелік! Екі командаға бөлініп арқанды тартасындар. Кімнің командасы осы арқанды бірінші болып өзіне қарай тартады, сол команда жеңімпаз болып есептеледі. 1,2,3! Бастаймыз! (балалар арқан тартысады)

Ән: Наурыз.

VII. Қорытындылау

Қазақ халқының ежелгі салт-дәстүрінің бірі – бата-тілек білдіру. «Сөз арқылы жаратушыға жалынып, жалбарынып ықпал етуге болады деп түсінген ата-бабаларымыз. «Жаңбырменен жер көгереді, батамен ер көгереді», «Баталы құл арымас» — деген ой-пікірді уағыздап, кейінгі ұрпағына ықылас білдіріп, ақ ниетпен бата беріп, тілек тілеуді дәстүрге айналдырған.

Бата:

Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын,

Қайда барсаң жол болсын,

Төрт түлік ақты болсын

Ұлыс береке берсін,

Бәле-жала жерге енсін.

Әумин!

Жекелин
18.03.2020
Жекелин

Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж Жабаев атындағы бастауыш мектебі

Сынып сағат

«Наурыз тойы – мерекем!»



Сынып жетекші: **Сугиралиева А**



Түркістан облысы
Шардара қаласы
«№2 Ж Жабоев атындағы бастауыш мектебі»

Сынып сағат

Қош келдің, құтты Наурызым!

Сынып жетекші: Азбергенова У



